



**Бақытова Ақкүрең Сексеновна
Қашаған атындағы №8 орта
мектебінің қазақ тілі және әдебиеті
пәні мұғалімі**

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:ЖАУЫНГЕРДІҢ ТҰЛҒАСЫ.

БАУЫРЖАН БАТЫР ЕСТЕЛІГІНЕН

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:БАУЫРЖАН ӨМІРІМЕН

ТАНЫСАДЫ.ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖАЙЛЫ

ТҮСІНІКТЕРІ ҚАЛЫПТАСАДЫ,БІЛІМІН ТИЯНАҚТАУҒА,

ОЙ — ӨРІСІН ДАМЫТУҒА ДАҒЫДЫЛАНАДЫ.



1 – ТАПСЫРМА: ҮЙ ТАРСЫРМАСЫН СҰРАУ

- Өлеңді мәнерлеп оқу
- Ой толғау
- Пікірлерін ортаға салады



ОЙ ҚОЗҒАУ

Ерлік туралы не
айтасың?

Ұлы Отан соғысы
жайлы не білесің?

Бүгінгінің батыры
кімдер?

«Сүйкімді адам» дегенді
қалай түсінеміз?

Адамның сыртқы келбеті және мінезі



2 – ТАПСЫРМА: МӘТІН БӨЛІКТЕРІМЕН ЖҰМЫС

□ ГЕНЕРАЛ СӨЗІ

-- Отырыңыз, - деп орындыққа қарай басын изеді де...
- - Бүгін, түн ортасында Десятидворкада жатқан 120 немістің бірін қалдырмай қырып тастағаныңызға жол болсын. Ең болмаса он шақтысын тірі ұстап алып келмегеніңізбе? Одан кейін, ол жерге өзіңіз баруға мен рұқсат берген емеспін. Менің қай жер болса сол жерге жұмсап, шаша беретін командирлерім жоқ. Мейлі, абырой болып, аман - есен қайтқаныңызға шүкір, бірақ та бұдан былай сізге әр додаға кірісе беру жарамайды, -
- - ай, жастық, жастық, кейде алды - артын ойлайтпайтын жастық! Егер де жазатайым болып кетсеңіз, сонда батальонды кім меңгеріп, кім басқармақ? Сол жағын аттанардың алдында сіз ойладыңыз ба?
- - Сізден басқа адам құрыған жоқ, бірақ та сіз сықылдылар көп те емес. Соны еске алу керек. Сіз батальон командирі, сіз сықылдыларды қазақ мыңбасы дейді. Қай қақтың мыңбасшысы мыңды тастап, онбасының қызметін атқарған еді...



2 – ТАПСЫРМА: МӘТІН БӨЛІКТЕРІМЕН ЖҰМЫС

- АҒА ЛЕЙТЕНАНТ СӨЗІ: Сағат кешкі тоғызда менің бақылаушыларым Десятидворканың әр үйіне 20 -30 - дан бөлінген неміс даланың суығына шыдай алмай, қонуға барды деген хабарды жеткізді маған. Батальонды орынбасарыма тапсырып, бетінен барсақ сезіп қояр деген оймен, қасыма 10 жігіт ертіп, бір пулемет, бір миномет, бір кішкене зеңбіректі шанаға тиеп, 12 километр орайлап айналма жолға салып, түнгі сағат 2 шамасында немістер жатқан қыстақтың дәл артына шықтық. 300 - 600 метрдей жақындағанда қару - жарақтарды қыстаққа кезеп орналастырдық. Әбден ұйықтап жатқан немістер шошып оянып, опыр - топыр үйден далаға шығару мақсатымен зеңбіректің болат тесетін он оғын жарқыратып, бірінің артынан бірін дамылдата жібердік. Күтпеген жерден шүйдеден соққан қандай жаман, кешікпей - ақ немістер орындарынан қарғып тұрып, көшеге шыға келгенде , кезеп қойған пулеметке сөз беріп, 500 оқ шығардық. Оның үстіне минометті құрбақаша бақылдатып, 70 минаны қайдан шықсаң онан шық деп немістерге сәлемдемеге жібердік.... Біз келген жолымызбен қайта сызып тұрдық. Қыстақтан біз екі шақырымдай ұзағанда, баяғы біз тұрған жерге немістің барлық ауыр минометтері таң атқанша әуіпдеп атып, мина жаудырумен болды... Батальонға келе салып 20 шақты автоматчиктер жіберіп едім, олар барып 120 немістің өлігін санап, документтерін алып келді. Оны полктың штабына тапсырдық.....



2 – ТАПСЫРМА: МӘТІН БӨЛІКТЕРІМЕН ЖҰМЫС

□ ГЕНЕРАЛДЫҢ БАТАСЫ

- - Иә, жазықтысыз, жолдас аға лейтенант, - деп, - дұрыс - дұрыс, сәті түскен жұмыс болып, түнде жолыңыз болған екен. Сіздің мұныңыздан үш пайда тауып отырмыз: - немістердің саны 120 - ға кеміді, екінші - олар таң атқанша бірнеше жүз ауыр минасын айдалаға атып, бекерге шығын болды, енді шабуыл жасаса, ол атылған миалар біздің жігіттердің басына түспейді, оның мина қоры азайды. Үшінші - маңдайдан тимей шүйдеден тигеннен соң, немістер артымыздан дұшпан жүр екен деп үрейленіп, көп ойға қалып, тыныш ұйықтамай, желкесін қорғауға күшін бөліп әлектенеді, ол да бізге үлкен олжаның бірі,....
- - Соғысқа батальонмен жиырма жеті рет кіріп дұрыс ұрыс өткіздің, бес рет дұшпанның қоршауынан қақ жарып алып шықтың. Қырғын соғыста сан рет сыннан өттің, жас та болсаң, әскер атағың кіші де болса сеніп, жоғарылатып, жаңа орынға тағайындап отырмыз. Барлық қызыл әскердің ішінде полкті басқарып, командир болған жалғыз сен - ақ деп айта алмаймын, бірақ та біздің армияда сенен басқа полк командирі, аға лейтенант жоқ. Құтты болсын, ақылға салып, абыройлы іс істейді деп сенем, ...сен полк командирі болдың, ол - полктың ақылы, миы, басы. Өз ұлтыңның "Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады" деген мақалы әр уақытта да есінде болсын....

□



2 – ТАПСЫРМА: МӘТІН БӨЛІКТЕРІМЕН ЖҰМЫС

- Бауыржанның сөзі:
- Бұл соғыс - біздің жігіттердің жалпы батырлық, батылдық көрсеткенінің бірі.
- Бұл соғыс та дұшпанға жем тастап, жемтікке тоя бергенде аз күшпен желке, бүйірлерінен соғып, жеңісін, жеңгенін желкесінен шығарған тактикалы әдістің сәті түсе қолданылған істің бірі.
- Бұл соғыс - дұшпанның араны ашылған басқыншылық мінез - құлқын, өзіне таяқ етіп жұмсаған ұрыстың бірі.
- Бұл соғыс, ата - бабамыздың айтып кеткен "Білекті бірді, ақыл - айлалы мыңды жеңеді" дегеніндей, халық тәжірибесінен шыққандығына дәлел.



2 – ТАПСЫРМА: МӘТІН БӨЛІКТЕРІМЕН ЖҰМЫС

□ БАУЫРЖАННЫҢ СӨЗІ:

- Мен 25 жыл әскерде болдым. Біле білген кісіге бұл - үлкен университет. Осы 25 жылдың ішінде мен талай қолбасшымен кездестім, сабақ алдым, талай генералдың қол астында қызмет істедім, тәрбие көрдім. Өйткені командир деген әскери педагог қой. Осы әр ұлт адамдарымен қызметтес болғанымды өзіме ерекше мектеп деп бағалаймын. Себебі чуваш мынадай екен - ау, қырғыз мынадай болады екен - ау деп ойланасың. Ана халық анадай дәстүрін қастерлейді, мына халық мынаны құрметтейді екен - ау деп толғанасың. Мен осы 25 жыл ішінде қарамағымда болған, үстеріне шинель киген солдаттар арқылы барлық халықтардың жанын ұқтым деп ойлаймын. Өйткені олардың жүректері - іштерінен шыққан балалары - менің алақанымда болды..... Өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын.



3 – ТАПСЫРМА: КӨРШІҢМЕН БӨЛІС



4 — ТАПСЫРМА: ТҰЛҒАНЫ ТАНИ БІЛ

- Арнау
- Постер қорғау
- Батыр өлеңдері
- Батырдың қанатты сөздері
- Батырдың естеліктері



БАТЫРДЫҢ ӘРКЕЗДЕ ТҮСКЕН СУРЕТТЕРІ



АТАМНЫҢ СӨЗІ



МОМЫШУЛЫ

Баурджану

ПРИСВОЕНО ПОСМЕРТНО ЗВАНИЕ

ГЕРОЯ СОВЕТСКОГО СОЮЗА

за мужество и героизм, проявленные
в борьбе с немецко-фашистскими
захватчиками в Великой
Отечественной войне 1941 — 1945 годов.

ПРЕЗИДЕНТ СОЮЗА СОВЕТСКИХ
СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ РЕСПУБЛИК

И. Серба

Указ Президента СССР

от 11 декабря 1951

